



### ҮМІТІМ – ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАРДА

6-БЕТ | СҰХБАТ



### ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНЫП ЖҮРМІЗ?

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



### ТҮРМЫСТЫҚ ҚОҚЫС НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

9-БЕТ | ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## “ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.

Ғабит МҮСІРЕПОВ



№151 (4739) Бейсенбі 19 желтоқсан 2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астанада зейнет жасындағы азаматтарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылады, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Жәрмеңке 19 желтоқсанда сағат 10:00-12:00 аралығында Қошқарбаев даңғылы, 29/1 мекенжайы бойынша орналасқан «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында» өткізіледі.

«Күрметті зейнеткерлер! Сіздерді жұмысқа орналасу және қоғам өміріне белсене қатысу мүмкіндіктері ұсынылатын жәрмеңкеге шақырамыз. Қызықты жұмыс пен жаңа мүмкіндіктерді жіберіп алмаңыздар» делінген Енбек мобильділігі орталығының хабарламасында.



Астананың Алматы ауданында «Ізгілік шыршасы» акциясы басталды. Акцияға қатысқан қаланың әрбір тұрғыны ерекше балалардың тілектерін орындай алады.

Қайырымды жандардың бұл қарекеті ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, ауыр науқастарға, сондай-ақ әлеуметтік жағынан ахуалы төмен отбасыларда тұратын ерекше балалардың тілектерін орындауға бағытталған. Тілек карталарын мына мекенжай бойынша алуға болады: Абылай хан даңғылы, 40, SOS Астана қаласының балалар ауылы. «Ізгілік шыршасы» 28 желтоқсанға дейін жалғасады.



## КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ҚАЛА

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «7 арна» телеарнасына берген сұхбатында елорданың бүгінгі тыныс-тіршілігі, келешектегі даму бағдары туралы жан-жақты айтып берді. Астанада салынып жатқан LRT құрылысы биыл ерекше қарқынмен жүргізіліп жатыр. Қалада көлік инфрақұрылымын дамыту, жолдарды салу, кеңейту, көбейту бойынша біраз жұмыстар атқарылып жатыр.



Кеше Астананың алты ауданында бір мезгілде жаңа жылдық шыршалардың шамы жағылады.

Атап айтқанда, елорда аумағында 30-дан астам мерекелік шыршаның шамдары жағылып, мерекелік ойын-сауықтар ұйымдастырылды. Қала тұрғындары мұз айдындарында, сырғанақтарда, шағын архитектуралық нысандар мен фотоаймақтарда болып көңіл көтерді.

### 100 МЕКТЕП – 1000 ӘКЕ

Астанада мектеп ауласын тазалау челленджі аясында «100 мектеп – 1000 әке» акциясы өтуде.

Бұл шараға №1 мектеп-интернаттың ата-аналары қатысып, өз балалары оқитын білім мекемесінің ауласын қардан тазалады. Челленджінің мақсаты – әкелердің балаларды тәрбиелеудегі рөлін нығайту. «Ұлы Абай айтқандай, мықты мемлекет құрғың келсе, отбасы тәрбиесінен баста. Отбасы – тұлғаның қалыптасуының негізі, оның тұрақтылығы мен беріктігі әкенің рөліне тікелей байланысты. Біз әкелерді тәрбиелік жұмысқа белсене

араластыруды мақсат етіп отырмыз. Білім орындарындағы тазалық пен тәртіп – әр азаматтың жауапкершілігі» деп атап өтті ұйымдастырушылар. Челленджінің бастамашылары бұл акцияны республикалық деңгейге көтеріп, эстафетаны басқа қалаларға беруді жоспарлап отыр. Осылайша, акцияға қатысушылар елдің ұлттық бірлігін нығайтуға және жастардың патриоттық рухын тәрбиелеуге өз үлестерін қосады.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 550.21 \$ USD/KZT 524.66 ₰ RUB/KZT 5.09 ¥ CNY/KZT 72.04

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Президенттің айтуынша, Гвинея-Бисау – Қазақстанның Африка құрлығындағы маңызды серіктесі. «Біз екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға мүдделіміз. Екі ел арасындағы ықпалдастықтың келешегі зор деп санаймын. Ол үшін үкіметтер өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қарастыруға бар күш-жігерін салады. Сонымен қатар халықаралық өзекті мәселелерге қатысты ұстанымдарымыз ұқсас. Біз басты халықаралық құрылымдардағы, ең алдымен, БҰҰ және Ислам ынтымақтастық ұйымындағы Сіздің еліңіздің өкілдерімен байланысты күшейтуге дайынбыз» деді Мемлекет басшысы. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, цифрландыру және көлік-логистика бағыттары бойынша өзара қарым-қатынасын дамытуда әлеуеті зор екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Умару Сисоку Эмбало қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді. «Қазақстанмен тығыз қарым-қатынас орнатудың мәні зор. Мен бұған дейін еліңізге Премьер-министр ретінде келген едім. Бұрнағы жылдары Гвинея-Бисаудың студенттері Қазақстанда оқыған болатын. Олардың басым бөлігі техникалық мамандық бойынша білім алды. Біз осы бағыттағы ынтымақтастықты жалғастырымыз келеді. Себебі Қазақстаннан үйренеріміз көп» деді Гвинея-Бисау Президенті.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

#### ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Умару Сисоку Эмбало екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы мәртебелі мейманға іттипат білдіре отырып, екіжақты ықпалдастықтың дамуына тың серпін беру тұрғысында бұл сапардың маңызы зор екеніне назар аударды. «Сіз Қазақстанға Гвинея-Бисаудың Президенті ретінде алғаш рет келіп тұрсыз. Мұны тарихи сапар деуге болады. Жоғары деңгейдегі осы кездесу екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашады деп сенемін» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бытыр Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 10 жыл толғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, бүгінгі тарихи кездесу өзара тиімді серіктестікті одан әрі

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ



«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Гвинея-Бисау Президенті Умару Сисоку Эмбалоны салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Умару Сисоку Эмбало бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы президенттерге рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан соң мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді.

формалауға қатысты ұстанымын қолдайтынын жеткізді. Тараптар ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен металлургиясы, қаржы, цифрландыру және телекоммуникациялық технологиялар сияқты перспективті салаларда ықпалдастық орнату мәселелерін қарастырды. Келіссөздер қорытындысы бойынша президенттер Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

#### ТИІМДІ УАҒДАЛАСТЫҚТАР ЖАСАЛДЫ

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Гвинея-Бисау Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізіп, бірлескен мәлімдеме жасады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Умару Сисоку Эмбалоның Қазақстанға ресми сапары алыс жатқан елдерді байланыстырып, халықтарымыздың тілегі мен ниеті бір екенін көрсетеді. «Екіжақты кездесудің нәтижесінде тиімді уағдаластықтарға қол жеткіздік. Бұл сапар саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалануға екі ел де мүдделі. Осы ретте Батыс Африкадағы Бисау порты мен Транскаспий көлік

сты тақырыптың бірі болғанын айтты. Тараптар Қазақстанның Гвинея-Бисауға дөңді дақылды экспорттауға қатысты мүмкіндігі мол екеніне назар аударған. «Бұл ретте еліміздің бастамасымен құрылған Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының әлеуетін толық пайдалануға болады. Сонымен қатар тау-кен және табиғи ресурстарды игеру ісіндегі ынтымақтастық мәселесін талқыладық. Атап айтқанда, темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлау және игеру үшін бірлесу жұмыс істеуге зор мүмкіндік бар» деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің цифрландыру, киберқауіпсіздік және финтех бағытындағы жетістіктеріне тоқталып, цифрлық қызмет саласындағы ықпалдастықты арттыруды ұсынғанын жеткізді. Сонымен қатар Гвинея-Бисау делегациясын келесі жылы өтетін Астана халықаралық форумына шақырғанын айтты. «Бұл Қазақстанның экономикалық және инвестициялық әлеуетімен толық танысуға мүмкіндік береді. Азаматтарымыз бір-бірін жақын танып, білуі үшін мәдени-гуманитарлық байланыстың маңызы зор. Осы ретте мен Гвинея-Бисау жастарына Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуды ұсындым. Бұл қадамдар екі ел арасында жан-жақты ынтымақтастықты жандандыруға ықпал етері сөзсіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тараптар халықаралық мәселелер жөнінде пікір алмасып, ой бөліскен. Қазақстан Президенті қос мемлекеттің көптеген өзекті тақырыптар бойынша ұстанымдары ұқсас екенін мәлімдеді. «Әсіресе, жаһандық бейбітшілік пен өңірлік тұрақтылықты сақтауға қатысты көзқарасымыз ортақ. Қазіргі геосаяси жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Африка Одағы аясында өзара қолдау көрсету және консультациялар өткізу аса маңызды. Жалпы, жан-жақты қарым-қатынасты нығайтуға мол мүмкіндік бар. Бүгінгі маңызды келісімдер – соның айқын көрінісі. Умару Эмбало мырзаның сапары Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін береді деп санаймыз» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Умару Сисоку Эмбало Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасындағы ынтымақтастықты нығайту перспективасына назар аударды. «Елдерімізде табиғи ресурстарды барлау, білім беру салалары мен көмірсутегін экспорттау бойынша ықпалдастықты жандандыруға қажетті механизм бар. Сонымен қатар Сіздермен түрлі халықаралық алаңдарда қарым-қатынас жасап, көпқырлы байланысымызды ілгерілетуге мүдделіміз» деді Гвинея-Бисау Президенті.



тереңдетуге негіз болады. «Осы кезең ішінде біз өзара қолдау мен берік достыққа негізделген ынтымақтастық орнаттық. Серіктестігімізді одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар. Әсіресе, экономика және сауда-саттық салаларының әлеуеті жоғары. Мен бүгінгі сапарыңызды екі елдің ынтымақтастығын нығай-

туға бағытталған маңызды қадам деп қарастырамын» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Умару Сисоку Эмбало қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқына алғыс айтты. «Менің бүгінгі сапарым Бисау мен Астана арасындағы достық байланыстар мен ынтымақтас-

тықты нығайтуға қос тараптың да ниетті екенін айғақтайды» деді Умару Сисоку Эмбало.

Гвинея-Бисау Президенті екі ел көпжақты құрылымдар, соның ішінде БҰҰ аясында табысты ықпалдастық орнатқанына тоқталды. Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ мен өзге де халықаралық ұйымдарды ре-

делізін ұштастыру жолдарын зерделеуге келістік. Әлемдегі геосаяси ахуал мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі ушығып тұрған қазіргі кезде мұның мән-маңызы айрықша» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласындағы серіктестік келіссөздердегі ба-

## ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке экономикалық өсімді қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру бойынша тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндалды.

Олжас Бектеновтің айтуынша, биылғы қаңтар-қараша айларында жалпы ішкі өнімнің өсімі 4,4 пайызды құраған. Экономиканы әртараптандыру аясында ауыл шаруашылығы (13,4 пайыз), құрылыс (10,3 пайыз), сауда (8,2 пайыз), көлік (8,1 пайыз), өңдеу өнеркәсібі (5,3 пайыз), соның ішінде металлургия (7,2 пайыз) және машина жасау (6,9 пайыз), химия өнеркәсібі

(8,4 пайыз), сондай-ақ ақпарат және байланыс (5,3 пайыз) салаларында өсім байқалған.

Биыл экономиканың өсіміне мұнайдан тыс салалардың дамуы есебінен қол жеткізілді. Соған қарамастан мұнайды игерудің болжамды көрсеткішінің орындалмауы экономика дамуының жалпы қарқынына әсер етті.

Мемлекет басшысына отандық өндірушілерді қолдау және



терең өңдеуді ынталандыру бойынша қабылданған шаралардың нәтижесі жөнінде мәлімет берілді. Атап айтқанда,

өңделген тауар экспорты 10,2 пайызға өсіп, 23,3 миллиард долларға жеткен. Тауар импортының көрсеткіші 3,3 пайызға

кеміген. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 3,1 пайызға ұлғайған. Бұл орайда шикізаттық емес салаларда

айтарлықтай өсім бар.

Президентке іскерлік белсенділікті одан әрі арттыру және аймақтардағы өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жұмыстарды күшейту жоспары таныстырылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлік салаларындағы оң динамиканы сақтау бағытындағы жұмысты жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ инвестиция тарту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, импорт алмастыру және әлеуметтік маңызға ие азық-түліктің бағасын тұрақтандыруды бақылау бойынша бірқатар тапсырма берді.



## ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорының төрағасы Болат Жәмішевті қабылдады. Президентке қордың осы уақытқа дейін атқарған қызметі мен алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы ақпарат берілді.

Болат Жәмішевтің айтуынша, «Қазақстан халқына» қоры үш жылда жалпы сомасы 230 миллиард теңге болатын 103 қайырымдылық жобасын қаржыландырды. Оның ішінде 58 жоба толығымен аяқталды. Қордың қызметі ашықтық, есептілік және тұрақтылық қағидаттарына негізделген. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Ernst&Young компаниясы сыртқы аудит жүргізді.

Мемлекет басшысына қордың денсаулық сақтау саласына, атап айтқанда, ауыр және сирек кездесетін сырқатқа шалдыққан науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге ерекше мән беретіні жөнінде баяндалды. Осы мақсатта 461 адамға, соның ішінде 342 балаға 57,7 миллиард теңге бөлінген. Қатерлі ісікке дұшар болған 1200-ден астам адамға құны 14,5 миллиард теңге болатын арнаулы препараттар берілген. Бес онкологиялық орталық пен балаларға қызмет көрсететін 22 нейрохирургия бөлімшесі-

не заманауи құрал-жабдықтар сатып алынды. Балалар мүгедектігінің алдын алуға арналған 13 ерте араласу орталығын ашу жоспарланған болатын. Бүгінде осы мақсаттағы 10 нысан қызмет көрсете бастады.

Әлеуметтік қолдау бағытында аутизм белгілері бар балаларға арналған 7 орталық, сондай-ақ өңірлерде 6 оңалту орталығы пайдалануға берілді. Алдағы уақытта тағы 20 орталық іске қосылады. 150 адам инновациялық протезбен қамтылды.

Тірек мектептердің әлеуетін дамыту жобасы аясында 135 ауыл мектебі жаңғыртылды. Алматы облысындағы 50 мектепте және Қарағанды облысындағы 86 білім ошағында физика, химия, биология сабақтарына арналған заманауи кабинеттер жабдықталды. Қордың білім беру гранттарына 3 мыңнан астам студент ие болды. Ақтөбе облысында 134 шағын жинақты мектептің материалдық-техникалық базасы жаңарып, цифрлық

технологиялар арқылы оқытудың төрт моделі енгізілді.

Мәдениет пен спорт саласында Батыс Қазақстан облысының кітапханаларын компьютерге орталық ретінде қайта құру және 13 модульді спорт залын салу жұмыстары қолға алынды. Елді мекендердегі 100 балалар спорт залы жабдықталды.

Болат Жәмішевтің айтуынша, қор тасқыннан зардап шеккен жандарға қолдау көрсетіп, бес облыстағы 627 үйдің құрылысын қаржыландырды. «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» әлеуметтік бастамасы аясында ірі кәсіпорындардың және бизнестің қолдауымен моноқалалардың инфрақұрылымын жақсарту бағдарламасын әзірлеу жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорының жұмысын жоғары бағалап, қайырымдылық шараларының Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуы мен әлеуметтік тұрақтылығын нығайтудағы маңызын атап өтті.

## 11 АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАНДАЙ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2024 жылғы қаңтар-қарашадағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды. Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың саланың даму қарқыны туралы, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Тимур Сүлейменов және қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың баяндамалары тыңдалды.

11 айдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4,4% құрады. Экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші шикізаттық емес сектор болды. Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров ауыл шаруашылығында – 13,4%, құрылыста – 10,3%, сауда-саттықта – 8,2%, көлік пен қоймалауда – 8,1%, өң-

кент қалалары өсуді қамтамасыз етті. Ең төмен көрсеткіштер Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Ақмола және Ұлытау облыстарында тіркелді. Аталған өңір әкімдеріне қалыптасқан жағдайды өзгерту үшін тиісті іс-шаралар қабылдау тапсырылды. Сонымен қатар өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын жандандыру үшін тың тәсілдер қажет.

Сыртқы істер және Ұлттық экономика министрліктеріне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, инвестициялық жобаларды сүйемелдеу жұмысын күшейтуді тапсырамын. Инвесторлардың проблемаларын бірден реттеп, шешімін табу керек. Сондай-ақ әкімдіктерге қордаланған мәселелерді жүйелі түрде өңірлік Инвестициялық штабтарда қарап отыруды



деу өнеркәсібінде 5,3% өсім балғанын баяндады. Сондай-ақ ақпарат және байланыс, электр энергетикасы салаларындағы оң серпіні атап өтті.

Премьер-министр экономикалық белсенділікті ынталандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар біршама нәтиже бергеніне назар аударды. Ауыл шаруашылығы, өңдеу саласындағы өсім жылдық жоспарлы көрсеткіштерден асып түсті.

Өңірлердегі жағдай бойынша негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер көшбасшылары Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстары, сондай-ақ Астана және Шым-

Бағдарламалық құжаттардың орындалу барысын жүйелі үйлестіруді қамтамасыз ету маңызды – тиісті тапсырма Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевқа берілді.

Премьер-министр экономиканы одан әрі әртарапандыру, инвестиция тарту және тұрақты жұмыс орындарын құру бағытында белсенді шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. «Бізге инвестициялық дамудың айқын бағыты бар. Бірақ инвестиция тарту – міндеттің жартысы ғана. Маңызды міндет – жобаларды сапалы сүйемелдеу, туындайтын мәселелерді шешу мен олардың табысты іске асырылуын қамтамасыз

тапсырамын» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Энергетика министрлігі алдына табиғи газ бен мұнай өндіру көлемін арттыру бойынша шараларды күшейту міндеті қойылды. Премьер-министр 2025 жылы мұнай өндіруді жоспарланған көлемде қамтамасыз ету қажеттігін баса айтты. Қараша айында жылдық инфляция 8,4%-ға дейін бәсеңдеді. Бұл – әлеуметтік маңызды мәселе, сондықтан, оны қатаң бақылауда ұстау қажет. Бұл жұмыста тұрақтандыру қорларын, форвардтық шарттарды, субсидиялау сияқты қолда бар тетіктерді белсенді пайдалану тапсырылды. Сонымен қатар импортқа тәуелді өнімдер өндірісін кеңейту қажет.



## ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ЖАҢА МЕКТЕП

Үркер елді мекенінде жаңа мектеп ашылды. Жаңа үлгідегі мектепте екі ауысымда 4 мың оқушы білім алады. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Тағы бір жайлы мектепті аштық. Бұл – оқу жылы басталғаннан бері біз ашқан он сегізінші жаңа мектеп. Қазіргі уақытта №69 мектеп-лицейінде балалар үш ауысымда оқиды. Жаңа ашылған мектеп оқушылардың саны

толып кету мәселесін шешеді. Балалар бұл жерде 3 тоқсаннан бастап оқиды» деді қала әкімі.

Сондай-ақ қала әкімі Мемлекет басшысының «жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында елордада жаңа үлгіде

11 мектеп салынғанын да атап өтті. «Ұлттық жоба аясында 2024-2025 жылдар аралығында жаңа форматта 24 мектеп салынады. Бұл оқу орындары екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді. Жыл соңына дейін тағы бірнеше мектеп ашу жоспарымызда бар. 2025 жылы тағы 20-дан астам мектеп салып, қолданысқа беруді жоспарлап отырмыз» деді елорда әкімі.

## АЙТПАЙЫН-АК ДЕП ЕДІМ...

## ЖЕЛТОҚСАН ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛМАСА...

«Қазақстанның тәуелсіздік мерекесі» ретінде бұрындары дабыра-думанмен аталатын 16 желтоқсан биыл сүреңсіздеу болғандай, алаңдарда киіз үй тігіліп, мәдени іс-шаралар да өткізілгенін байқамадық.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Соңғы жылдары «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданған 25 қазанды Республика күні ретінде атап өте бастадық. Бұл мерекеге ерекше мән беріліп, көптеген шаралар өтетіні көңіл қуантады. Бірақ декларация 25 қазанда қабылданғанымен, тәуелсіздікті әліптін артын баққандай жалтақтап отырып немесе мақсатты түрде 16 желтоқсанда жариялап, «Қазақстан тәуелсіз мемлекет» деп айдай әлемге жар салғанымызға тарих куә. Ендеше қазақ халқы үшін 25 қазан да, 16 желтоқсан да – тарихи күн. Абылайдың аңсағаны, Кенесарының көксегені орындалған күн!

Әрине, 16, 17 желтоқсанды 1986 жылы қазақтың қаны төгілген «қаралы күн» деп қарап, бұл күнді мереке емес, қаралы күн ретінде атап өту керек дейтіндер де бар. Желтоқсан құрбандарын еске алып, азалы өлеңдерін

жариялап жатқандар да табылады. Бірақ халық 16 желтоқсанда алаңға шыққанымен, қанды жаныштау 17 желтоқсан күні болды. Ендеше, 16 желтоқсанды Тәуелсіздік күні, 17 желтоқсанды Тәуелсіздік үшін күрескен құрбандарға тағзым ететін күн ретінде атап өтудің еш әбестігі жоқ деп ойлаймыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында 17 желтоқсан «Демократиялық жаңару күні» деп аталып, 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларын еске алу күні ретінде белгілеген. Сондай-ақ 16, 17 желтоқсанда қазақстандықтарға 2 күн демалыс берілетін. Ендеше желтоқсан құрбандарын еске алатын күнді дәл Тәуелсіздік күніне әкеліп мінгестіру де ыңғайсыз. Қазіргі кезде «Демократиялық жаңару күні» деген атау да ұмытылып бара жатыр. Ол тіпті ресми мереке күндері тізімінде де жоқ секілді.

Қазақ елі тарихында өзіндік орны бар Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығашындай Желтоқсан оқиғасы қалтарыста қалмаса екен...

№151 (4739) 19/12/2024 Бейсенбі

# ЖЫЛУ МЕН СУДАН ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Астанада мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығы қашан жойылады? LRT игілігін елордалықтар қашан көреді? Жалпы бас қаланың бүгінгі бағыт-бағдары, тыныс-тіршілігі қалай? Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «7 арна» телеарнасындағы «Саясаткер» бағдарламасына берген сұхбатында осы мәселелер туралы баяндады.

– Жеңіс Махмұдұлы, үш бірдей министрлікті басқардыңыз, одан кейін Қарағанды облысының, бүгінде Астана қаласының әкімісіз. Қарағанды – 1 миллион 145 мың халқы бар үлкен облыс, Астана тұрғындарының саны 1,5 миллионнан асып кеткен мегаполис. Осы екі өңірді басқарғанның қандай айырмашылығы мен ерекшелігі бар?

– Қарағанды облысын алатын болсақ, ол – үлкен индустриялық аймақ. Мысалы, металлургия, түсті металлургия, қара металлургия, көмірі және басқасы бар, әсіресе моноқалаларда көптен келе жатқан проблемалары да аз емес. Ал Астанаға келсек, бұл – жаңа қала.

Қазір елордада ресми түрде 1,5 миллионнан астам халық тұрады. Жыл сайын олардың саны өсіп жатыр. Елордада жылына 35 мыңға жуық сәби дүниеге келеді. Басқа өңірлерден қоныс аударатын адамдар да жетерлік. Бұл инженерлік қана емес, әлеуметтік инфрақұрылымның да дамуын талап етеді, яғни қалаға әлі де мектептер, балабақшалар, ауруханалар, емханалар керек. Мұндай мәселелер аз емес. Сондықтан екі өңірдің өзіне тән ерекшеліктері бар.

– Президент сенім артып, Астананың тізгінін ұстатқан кезде қобалжу болды ма? Қанша дегенмен үлкен мегаполис, саяси орталық, жан-жақтан ағылып жатқан жұрттар, әртүрлі мінез, әртүрлі проблема...

– Әрине, ондай ой болды. Астана – елорда. Сондықтан мұнда талап та өзгеше. Соңғы жылы қалада көптеген халықаралық деңгейдегі маңызды іс-шаралар өтті. Бұл жерде сұраныс та басқаша.

– Көлік кептелісі десе, Алматы еске түседі, бірақ қазір біздің Астананың кептелісі Алматыдан кем түсіп жатқан жоқ. Осы қалың көлік тығынынан, жалпы тығырықтан шығатын жол бар ма?

– Осындай проблема көп мемлекеттердің астаналарында бар. Ең бастысы, қоғамдық көлік саласын дамыту керек. Мысалы, біз соңғы 1,5-2 жылдың ішінде 700 жаңа автобус сатып алдық. Бұл жұмысты әрі қарай да жалғастырамыз. Қоғамдық көлік сапасы жақсы болса, әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, жеке меншік көлік азаймайды, бірақ оны сатып алу динамикасы өзгереді. Демек, халық қоғамдық көлікпен көбірек жүретін болады.

Жалпы, қалада көлік инфрақұрылымын дамыту, жолдарды салу, көңейту, көбейту бойынша біраз жұмыстар атқарылып жатыр. Қала билігі осы мәселеге ерекше назар аударуда. Мысалы, былтыр қосымша



Тәуелсіздік көпірі ашылды, ол көп мәселені шешті. Бұрын «Мыңжылдық» аллеясына бару үшін қаланы айналып, ескі көпірлер арқылы өту керек еді. Салдарынан Мәңгілік ел, Қонаев, Достық, Сарайшық көшелерінде кептеліс туындайтын. Қазір осы Тәуелсіздік және Ұлы дала көпірлері көп проблеманың алдына алып отыр. Болашақта да бірнеше қосымша көпір салынатын болады.

– Қалада қоғамдық көліктердің жетіспеушілігі бар ма?

– Жалпы халықтың саны өсіп жатыр. Сондықтан бұл мәселе әрі қарай да жалғасын табады. Қалада қоғамдық көлік тапшылығы бар.

– LRT салынып бітсе, қаладағы қозғалысқа қалай әсер етеді?

– Болашақта осы жеңіл рельсті көліктер бас қаланың фишқасына айналады деп сенеміз. Жалпы бұл елордадағы кептеліс мәселесін шешеді деп жоспарлап отырмыз. Мысалы, Қабанбай батыр даңғылынан өтетін көлік Сығанақ көшесімен оңға бұрылып, «Мыңжылдық» аллеясына барады. Ол жерде көптеген тұрғын үй кешендері салынып жатыр. Жыл сайын



елордада 4 млн шаршы метр үй салынады.

– Құрылыс қашан аяқталады?

– Өздеріңіз көріп жүргендей, биыл LRT құрылысының қарқыны ерекше. Осы динамика сақталса, бір жылдың ішінде бітіреміз деп жоспарлап отырмыз.

– Өзіңіз кептеліске түсіп қаласыз ба?

– Болады. Кешке таман. Жұмысқа ерте келемін. Сондықтан таңертең жұмысқа жету оңайырақ. Бірақ түстің кезінде кейде кептелісте тұратыным бар. Сосын үкімет және орталық мемлекеттік органдар өзеннің арғы бетінде ғой. Сондықтан сол жаққа барғанда анда-санда ондай мәселелер болып тұрады.

– Сізге түсіністікпен қарайтын шығар?

– Кептеліс болса, көппен бірге тұрамыз. Келесі жылы Мәңгілік елдің бойындағы кептеліс мәселесін шешу үшін қосымша аэропорт жақтан жаңа көпірге баратын жолдың құрылысын бастаймыз. Ол Мәңгілік ел, Қабанбай, Тұран, Айтматов және жаңа Тәуелсіздік көшесі арқылы жаңа қаланы ескі орталықпен жалғайтын болады.

– Өткен айда Президенттің қабылдауында болғанда Сіз «Тұран» газ жылу станцияның екінші кезеңін аяқтаймыз дедіңіз. Жұмыс қалай жүріп жатыр?

– Жалпы, құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды. Келесі айдың ортасына дейін станцияны іске қосамыз. Ол қалаға қосымша 250 гКал жылу беретін болады. Былтыр Мемлекет басшысы осы станцияның бірінші кезегін ашқан болатын. Бүгінгі таңда басшысының тапсырмасымен осындай бірнеше станция салынып жатыр.

Былтыр «Тұран» газ жылу станциясы және Қарағанды қаласына шығатын жолдың бойында тағы бір станция салынды. Биыл «Тельман» станциясының құрылысын бастадық. Ол да алдағы 2,5 жылдың ішінде іске қосылады. Былтыр ТЭЦ-3 құрылысының бірінші кезеңдегі жұмыстары аяқталды. Астана қаласында былтыр қосымша 1100 гКал жылу берілді. Жалпы қала барлығы 4 мыңдай гКал жылу шығаруға дайын.

– Демек, көмірден құтыламыз ғой?

– Толығымен құтыламыз. «Тұран» газ жылу станциясы,

«Тельман» станциясы, ЖЭО-3, ЖЭО-1 және ЖЭО-2 бәрі газға көшті. Біз қоршаған ортаға кері әсер ететін көмірден бас тартып отырмыз, ол резерв ретінде қалады, бірақ экологияны жақсартуға үлес қосу мақсатында толығымен газға көшіп отырмыз.

– Расында да миграция көбейіп, қаладағы көлік саны артқан сайын экологияның сапасы нашарлай түседі ғой, осы бағытта тағы қандай жоспарларыңыз бар?

– Жалпы, осыған дейін біз қаладағы қоғамдық көліктерді газға көшірсек, енді электрге қосайын деп жатырмыз. Келесі жылы электрмен жүретін автобустар сатып алуды жоспарлап отырмыз.

– Астананың аймағындағы Жасыл белдеулер керемет қой. Алдағы уақытта айналынып жасылдандыру, тал терек, ағаштарды отырғызу тоқтамайтын шығар?

– Жоқ, тоқтамайды. Биыл қалада бір миллионнан астам әртүрлі жасыл желектер отырғыздық. Ол тек қаланың ішінде ғана емес, сонымен бірге тұрғын алаптарда да жүзеге асырылды. Келесі жылы бұл жұмыс екі есе

көбейеді.

Өткен жылдың тамыз айында Президенттің тапсырмасы негізінде алдағы бес жылдың ішінде Астананы үлкен бір саябаққа айналдыру бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында биыл тек қаланың коммуналдық мекемелері ғана емес, бизнес өкілдері, қала тұрғындары да қолдау білдіріп, осы бағытта көп жұмыс атқарылды.

– Жеңіс Махмұдұлы, шаарда күйіп тұрған екі мәселе болса, оның бірі жылу және су тапшылығы. Сол су тапшылығы мәселесін қала басшылығы қалай шешіп жатыр?

– Ауызсу бойынша қалада ешқандай тапшылық жоқ. Алдағы 4-5 жылға 1 профицит, яғни 120 текше метр су профициті бар. Жылу бойынша станциялар салынып жатыр, бұған дейін салынды да. Бізде жылу бойынша да тапшылық жоқ. Кәріз мәселесі де өзінің шешімін тауып жатыр. Келесі жылы біз КОС-2-нің құрылысын бастаймыз. Ол қаланың шетінде орналасады және бұл жұмыс төрт жылдың ішінде аяқталады деп жоспарлап отырмыз.



– Қалада салынып жатқан тұрғын үйлердің барлығына да жерасты паркінгін салу керек пе?

– Иә, өткен ақпан айынан бастап қалада жаңа ереже бойынша паркінгсіз тұрғын үйлер салынбайды.

– Басқа да қандай әлеуметтік нысандар салынады? Құрылысы ұзаққа созылған және апатты үйлердің мәселесі қалай шешіледі?

– Астана қаласы үшін әсіресе үлескерлер мәселесі – үлкен проблема. Мысалы, бытыр қалада 4 мыңнан астам үлескер болса, олардың мәселесі толығымен шешіліп, биыл желтоқсан айында соңғы құрылысы ұзаққа созылған үйлердің иелері қолдарына көптен күткен кілттерін алады. Осыдан үш-төрт жыл бұрын олардың саны 16 мың, бытыр 4 мың болатын. Биыл бұл мәселе толығымен шешіледі. Болашақта мұндай проблема болмас үшін Парламентте бірнеше заң жобасы қаралуда. Алдағы уақытта олар шешіледі деген ойдамын.

Әлеуметтік нысандарға келсек, қаладағы соңғы аурухана 2012 жылы салынған. Әрине, республикалық орталықтар көмегін аяп жатқан жоқ. Жыл сайын елордада кем дегенде үш-төрт емхана тұрғызылуда. Оның ішінде жеке меншіктері де бар. Биыл Астанада үлкен мемлекеттік аурухананың жобалау жұмыстары басталды. Президенттің тапсырмасымен және «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен келесі жылғы орталықта осы ғимараттың құрылысы басталады деп жоспарлап отырмыз. Ол Түркістан көшесінің бойындағы Ботаникалық бақтың қасында орналасады.

Астанада биыл 15 жаңа мектеп пайдалануға берілді, оның 9-ы – «Жайлы мектеп». Қала өсіп келеді. Жас отбасылар көп. Осы жылы 28 мың бүлдіршін бірінші сыныптың табалдырығын атады. 10 мыңнан астам түлек мектеп бітірді. Жыл сайын жаңа мектеп салынауда. Бұл ретте маман тапшылығы – үлкен мәселе. Жыл сайын педагогтарды дайындау үшін қала әкімдігі 1 мыңнан астам арнайы грант береді және Президенттің тапсырмасымен қазір Астанада Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филиалы ашылды және алдағы уақытта қосымша тағы бір жоғары оқу орны ашылады.

– Қалада жатақхана мәселесі қалай шешіліп жатыр?

– Қазір қалада 70 мыңнан астам студент бар. Біздің жоспарымыз бойынша алдағы үш-төрт жылдың ішінде 13 мыңнан астам орын беріледі. Оның ішінде бюджеттік және жекеменшік те бар. Соңғы салынып

жатқан жатақханалардың сапасы ерекше жоғары: соңғы заман талаптарына толығымен сай, ішінде интернет, заманауи техника, асханалары, жатын бөлмелері бәрі басқаша, балалардың өздеріне ұнайды. Биыл жыл соңына дейін 4,5 мың орын беріледі.

– Бүгінгі таңда Астанада қанша бүлдіршін балабақша кезегінде тұр?

– 30 мыңдай. Жыл сайын 40-50 балабақша іске қосылады. Бұл – көпәтерлі тұрғын үйлердің бірінші қабатындағы шағын орталықтар. 2017 жылдан бастап қалада үлкен мемлекеттік балабақша салынбаған. Енді оны қолға алып жатырмыз. Биыл қалада 10 мемлекеттік балабақшаның құрылысы басталды. Оның үшеуі келесі жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға беріледі.

– Елордада Оқушылар сарайының тарлық ететіні рас. Осы мәселе қалай шешіліп жатыр?

– Бытыр біз арнайы бағдарлама қабылдадық, соның негізінде алдағы үш-төрт жылда Астанада осындай 15 сарай ашу жоспарлануда. Биыл Тұран даңғылының бойында және «Жастар» саябағының қасында екі сарай ашылды. Олардың екеуі де – жекеменшік. Қазір біз жергілікті бюджет арқылы қосымша осындай 3 сарайдың құрылысын бастадық. Жоспар бойынша ол бір жылдың ішінде бітеді деп көзделіп отыр.

– Жеңіс Махмұдұлы, Сіз Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын сәулетші-дизайнер мамандығы бойынша бітірісіз. Жалпы Астанада өзіңізге архитектуралық жағынан қандай ғимарат ұнайды?

– Жаңа қала. Елордада ерекше әдемі ғимараттар бар. Оның ішінде «Хан шатыр», заманауи тұрғын үй кешендері, айта берсек, көп. Соңғы жылдары біз абаттандыру және көгалдандыруға барынша назар аударып отырмыз. Мысалы, Мәңгілік ел көшесі – бас қаланың келбеті, Астана – еліміздің жарқын келбеті. Президенттің тапсырмасы және қала тұрғындарының талабы бойынша бас қаланың ерекше дизайн коды әзірленді, соған сәйкес елорданың сыртқы келбетін ретке келтіру жұмыстары белсенді жалғасуда.

Жалпы, Астана – мүмкіндіктер қаласы. Елорда тұрғындары осы жерде армандарын орындауға талпынады. Менің міндетім – әкім ретінде соған үлесімді қосып, Мемлекет басшысының сенімін ақтап, астаналықтардың тіршілігін жайлы ету.

Дайындаған  
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

## ТӘЖІРИБЕ АЛМАСЫП ҚАЙТТЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған мәслихат депутаттары Эстония мен Финляндияға ресми сапармен барды.

«1992 жылдың мамыр айында Қазақстан мен Эстония арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнады. Содан бері екі ел арасындағы байланыстар барлық салаларда нығайтып, тәжірибе алмасу тұрақты түрде жүзеге асып келеді» деді Ерлан Каналимов.

Астана мәслихатының төрағасы Таллин қалалық кеңесінің төрағасы Тоомас Круусимяги мырзамен кездесу барысында елорда мәслихатының құрылымы, оның мақсаттары мен міндеттері туралы, Астананың көлік, коммуникация және логистика орталығы ретінде қарқынды дамуы жайында айтты.

«Эстонияның тәжірибесі біз үшін үлкен қызығушылық тудырады. Бұл мемлекет Еуропада цифрландыру мен туризм салаларында көш бастап келеді. Сонымен қатар, біз үшін Эстония астанасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқару, қоғамдық көлік жүйесін ұйымдастыру және медициналық мекемелердің жұмысы бойынша тәжірибесі ерекше маңызды» деді Ерлан Каналимов.

Астана мәслихатының депутаттары Таллин қаласының теңіз портының терминалдарының жұмысымен танысты. Қала орталығынан автобуспен барғанда небәрі 15 минутпен жерде орналасқан бұл порттан кемелер Хельсинкиге тұрақты түрде жолға шығады. Порттың жүк терминалы Эстонияның теміржол желісімен толықтай интеграцияланған. Депутат-



тар Балтық теңізіндегі ең ірі астық терминалын аралады. Бұл жерде сыйымдылығы 300 мың метрлік тонна болатын элеватор бар. Қазіргі таңда портта қозғалысты тиімді басқару үшін «Ақылды порт» атты түрлі ІТ шешімдер енгізілуде.

«Эстония билігінің алдағы жоспары – елдің барлық көлік және логистика секторын цифрландыру дәуіріне бейімдеу. Эстонияның теңіз портындағы заманауи инфрақұрылым мен озық технологиялар қазақстандық делегация үшін ерекше қызығушылық тудырды. Мұндай тәжірибе елорданың көлік-логистика жүйесін жетілдіруде пайдалы болмақ» деді Ерлан Каналимов.

Қазақстан Республикасы мен Финляндия Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылғы 13 мамырда орнатылды. Араға он жыл салып, Хельсинки

қаласында Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылды. Финляндиядағы Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Азамат Әбдраимовпен өткен кездесуде өңіраралық байланыстарды одан әрі нығайтуға қатысты бірқатар мәселелер талқыланды.

Елші өз қызметінің басты бағыттары ретінде сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты, көлік-логистикалық кооперацияны, азық-түлік өнеркәсібін, тұрақты даму, жасыл энергетика және инновациялар салаларын атады. Екіжақты қарым-қатынастарды нығайту – негізгі басымдықтардың бірі екенін атап өтті. Финляндияда Қазақстан туралы, оның жетістіктері мен мәдениеті жайлы көп білетіндер бар.

Бұл елдің Қазақстанға деген қызығушылығы екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі

дамуына үлкен мүмкіндіктер ашады.

Хельсинки қалалық кеңесінің төрағасы Ретта Ванханенмен кездесу барысында түрлі салалардағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Финляндия астанасы сегіз әкімшілік округке бөлінген. Хельсинки көлік кептелісі ең аз қалалардың бірі ретінде ерекшеленеді. Бұл елде теміржол тасымалы жоғары деңгейде дамыған, ал электропоездар жергілікті өндірістен шығарылады. Қоғамдық көлік автобустар, трамвайлар, паром желілері және метро арқылы қызмет көрсетеді.

Кездесу барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қоғамдық көлік, мәдениет, білім беру және өзге де салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған меморандумға қол қою жөнінде келісімге қол жеткізілді.

## ТӨРТ ӘРІПТЕСІМІЗ ТӨП ЖАРДЫ

Кеше «Таза Қазақстан» экомаркетинг аясында өткен «Таза Қазақстан – таза Астана» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Байқаудың басты мақсаты – «Таза Қазақстан» мемлекеттік экологиялық бағдарламасы шеңберінде «Астана Тазалық» қызметінің қалыптасуы, дамуы, жетістіктері мен келешегі туралы айту екендігін мәлімдеген «Астана Тазалық» ЖШС директоры Замир Сагинов жүлдегерлерді құттықтап, істеріне сәттілік тіледі.

Байқау «Үздік телевизиялық материал», «Әлеуметтік желілердегі үздік жарияланым», «Баспа басылымындағы үздік мақала», «Интернет-басылымдағы үздік жарияланым» қатарлы 4 номинация бойынша өткізілді.

Нәтижесінде «Үздік телевизиялық материал» номинациясы бойынша 1-орынды – «24KZ» телеарнасының тілшісі Томирис Біләл, ал «Әлеуметтік желілердегі үздік жарияланым» номинациясы бойынша 1-орынды – блогер Тимур Асылханов, «Баспа басылымындағы үздік мақала» номинациясы бойынша 1-орынды әріптесіміз «Астан ақшамы» газетінің белді журналисі Райхан Рахметова қанжығасына байласа, «Интернет-басылымдағы үздік



жарияланым» номинациясы бойынша тағы бір әріптесіміз Elordainfo.kz сайтының тілшісі Сабина Кәкімжан 2-орынды иеленіп, мерейімізді асырды.

Бұдан бөлек, бірнеше БАҚ өкілдері «Астана Тазалық» компаниясының арнайы

сыйлығымен марапатталды. Олардың қатарында тағы да біздің әріптесіміз «Elordainfo.kz» сайтының тілшісі Мария Конохова мен «Вечерняя Астана» газетінің тілшісі Екатерина Тыщенко бар.

Шапағат ӘБДІР

## ИГІ ІСТЕР АҚЦИЯСЫ

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Астаналық базар «Артем» СУ аялдмасында игі істер марафоны өтті. Ақция барысында тұрғындарға шай таратылды.

Ұйымдастырушылар суық күнде ыстық шай таратудың өзі адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттырады деп санайтындығын жеткізді.

– Қазіргідей суық күнде елордамызда волонтерлердің ұйымдастыруымен өтіп жатқан бұл іс-шара тұрғындар мен қонақтар үшін нағыз жылулық көзіне айналды. Ыстық шай мен жылы лебіздер адамдардың жүрегін жылытып,

көңіл-күйін көтерді. Бұл шара қарым-қатынас пен өзара көмек көрсетуге үндейді, сондай-ақ қоғамда бірлік пен достықты нығайтуға қызмет етеді. Ақцияға қатысқан әр адам өзара мейірім мен қамқорлықтың атмосферасын сезіне алады, – деген Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» волонтері Мерей Қалел «Libella Bottlers Almaty» ЖШС-іне қолдауы мен ынтымақтастығы үшін де алғыс білдірді.





## ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНЫП ЖҮРМІЗ?

Дұрыс тамақтанбау семіздік пен асқазан-ішек жолдары ауруын тудырады. Өйткені қазір үлкендер де, жастар да тез дайындалатын тағамдарға әуес, балалар да ағарған ішудің орнына неше түрлі зиянды сусынды ішкенді жақсы көреді. Біз осы ретте елордадағы №5 емхананың гастроэнтеролог дәрігері, медицина саласындағы жұмыс өтілі 25 жылдан асқан тәжірибелі маман Айнұр ТЫНЫБАЕВАҒА жолығып, керек кеңес алған едік.

Дұрыс тамақтану – ағамызға қажетті табиғи және жоғары сапалы өнімдердің теңдестірілген диетасы. Тамақты жеткіліксіз мөлшерде ішу немесе мөлшерден артық ішу ағза үшін зиян, сондықтан кез келген адам тамақтанудың мөлшерін дұрыс білуі керек.

«Жалпы дұрыс тамақтану үшін ас мәзірінен тәттілер мен кондитерлік өнімдерді, тез дайындалатын тағамдар, яғни фаст-фудты, жарғылай фабрикалар және шұжықтарды, газдалған сусындар мен шыршындарды, түрлі тамаққа қосатын тұздық пен дәмдеуішті алып тастау керек. Сондай-ақ су ішу режимін сақтау қажет. Мәселен, кейбір адамдар жиі тамақтануды ойлайды, ал негізінде олардың ағзасына таза ауыз су керек. Жалпы судың арқасында денеде көптеген маңызды реакция жүреді. Су қоректік заттарды ерітетін сұйықтық болған соң оларды дененің әр жасушасына жеткізеді. Су теріні ылғалдандырады, ас қорыту процесіне және қалдықтарды шығаруға қатысады. Бұл орайда кез келген адам күніне салмағына қарай 2-3 литр су ішуі керек» дейді Айнұр Ибрахимқызы.

### МАЙЛЫ ГЕПАТОЗ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Гастроэнтеролог дәрігердің айтуынша, майлы гепатоз немесе бауырдың майлы инфильтрациясы – бауыр жасушаларында (гепатоциттерде) артық майдың жиналуымен сипатталатын ауру. Бұл патология артық салмағы бар адамдар мен метаболизм бұзылысының көбеюіне байланысты өзекті мәселеге айналып келеді. Майлы гепатоздың себептерін, салдарын және алдын алу шараларын түсіну фиброз, цирроз немесе қатерлі ісік сияқты бауырдың ауыр ауруларының дамуын дер кезінде болдырмауға көмектеседі.

Майлы гепатоздың себепін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: алиментарлы (өмір салты мен тамақтануға байланысты) және метаболкалық (зат алмасудың бұзылуымен байланысты).

### ДҰРЫС ТАМАҚТАНБАУ ЖӘНЕ СЕМІЗДІК

Дәрігердің айтуынша, майлы, жоғары калориялы тағамдарды және қант мөлшері көп тағамдарды шамадан тыс тұтыну дене салмағының жоғарылауына және бауырдың майлы инфильтрациясына әкеледі. Диетадағы ақуыздың жетіспеушілігі және фаст-фудты теріс пайдалану да аурудың дамуына ықпал етеді.

– Алкогольді шамадан тыс тұтыну да бауырдағы май алмасуды бұзады және оның жасушаларында майдың жиналуына ықпал етеді. Ал метаболемнің бұзылуы, екінші типтегі қант диабеті, инсулинге төзімділік және холестерин деңгейінің жоғарылауы – маңызды қауіп факторлары. Іш қуысының семіруі, гипертония және липид алмасудың бұзылуын қамтитын метаболкалық синдром майлы гепатоздың дамуына

ықпал етеді. Гормоналды және эндокринді бұзылулар, гипотиреоз (қалқанша безі қызметінің төмендеуі) және бүйрек үсті бездерінің жұмысындағы бұзылулар бауырда майдың жиналуына әсер етуі мүмкін. Кейбір дәрі-дәрмекті қабылдау кортикостероидтарды, антибиотиктерді және кейбір вирусқа қарсы дәрілерді ұзақ уақыт қолдану бауырдың майлы инфильтрациясына әкелуі мүмкін. Уытты әсер мен сыртқы факторлардың әсерін айтсақ, химиялық заттармен улану және ауыр металдармен улану да майлы гепатозды қоздыруы мүмкін, – дейді А.Тыныбаева.

**Уақытында шаралар қабылданбаса, майлы гепатоз мынадай ауыр салдарға әкелуі мүмкін:**



- \* бауырдың фиброзы;
- \* уақыт өте майдың жиналуы қабынуды туғызады, бұл өз кезегінде дәнекер тінінің өсуіне әкеледі;
- \* фиброз кезінде бауырдың функционалдығы төмендейді, бұл процесс қалпына келмейтін болуы мүмкін;
- \* бауырдың циррозы;
- \* ұзақ уақыт бойы қабыну мен бауырдың функционалдығының төмендеуіне әкеледі;
- \* бұл – ауыр ауру, оның асқынуды қатарына асцит, өңештің варикозды веналары мен бауыр жетіспеушілігі кіреді;
- \* гепатоцеллюлярлы карцинома (бауыр обыры);
- \* хроникалық қабыну мен фиброз жағдайында бауыр обырының пайда болу қаупі артады;
- \* артық салмақ пен метаболкалық синдромы бар адамдар қауіпті топқа жатады;
- \* өмір сапасының жалпы нашарлауы;
- \* артық шаршау, әлсіздік, оң жақ қабырға астында ауырлық сезімі, диспепсиялық бұзылыстар – осы симптомдар майлы гепатозбен тіпті ерте кезеңдерде бірге жүруі мүмкін.

### АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Майлы гепатоздың тиімді алдын алу өмір салты, тамақтану және ілеспелі ауруларды



емдеу шараларының кешенін қамтиды.

Біріншіден, тамақтану рационын оңтайландыру қажет. \* жануарлар майлары мен жылдам көмірсуларды тұтынуды азайту;

\* рационға көкөністер, жемістер, толық дәнді дақылдар мен талшыққа бай өнімдерді қосу;

\* жеке энергетикалық қажеттіліктерге сәйкес теңдестірілген тамақтануға көшу керек;

бақылау тәуекелдерді азайтуға көмектеседі.

Алтыншыдан, медициналық тексерулер және дәрілерді қабылдауды үнемі бақылауда ұстаған жөн. Үнемі профилактикалық тексерулер ауруларды ерте кезеңдерде анықтауға мүмкіндік береді. Дәрі-дәрмекті қабылдау дәрігердің бақылауымен, бауырға әсерін ескере отырып жүзеге асуы керек.

– Баланы кішкентай кезінен пайдалы, құнарлы тағаммен тамақтандыру өте маңызды. Осы орайда баланы нәресте кезінен бастап арнайы тағамды таңдаудан бастау керек. Дұрыс тамақтану балалар денсаулығының негізі және өмір бойы пайдалы болады. Баланы ерте жастан бастап дұрыс тамақтануға үйрету оған ересек өмірде тамақтануға оң көзқарас қалыптастыруға көмектеседі. Мәселен, жаңа туған сәбидің табиғи тағамы – ана сүті. Онда бала ағзасына қажетті барлық дәрумен бар. Негізінен, ана баланы екі жасқа дейін емізу керек. Бұл баланың иммундық жүйесінің қалыптасуына, интеллект деңгейінің өсуіне, сондай-ақ ана денсаулығына тікелей әсер етеді, – дейді Айнұр Ибрахимқызы.

Майлы гепатоз – өмір салтын өзгертіп, тамақтану рационын оңтайландыру арқылы алдын алуға болатын ауру. Негізгі қауіп факторлары – семіздік, метаболизмнің бұзылуы және алкогольді шамадан тыс пайдалану. Уақытында қабылданған профилактикалық шаралар мен үнемі медициналық тексерулер ауыр салдардың, мысалы, фиброз, цирроз және бауыр обырының алдын алуға көмектеседі. Денсаулықты нығайту әдетін қалыптастыру және ағзаға мұқият қарау сабау бауырды сақтау үшін негізгі қадам екенін ескерген жөн.

– Мен дәрігер гастроэнтеролог Айнұр Ибрахимқызына айрықша алғыс білдіргім келеді. Өзі ісінің маманы, білікті дәрігерге өте ризамын! Дәрігердің пациентті қарауы, білімі, мәдениеті, жанашырлық қарымқатынасы ерекше ұнады, – дейді емханаға тіркелген қала тұрғыны Нұрилла Махан.

Шынында, қазір көп адам дұрыс тамақтанбау салдарынан семіздік, қант диабеті, жүректің ишемиялық аурулары, инсульт, атеросклероз бен гипертония, асқазан-ішек жолдарының түрлі ауруы, соның ішінде гастрит, асқазан және он екі елі ішек аурулары, өт жолдарының дискинезиясы, холецистит сияқты аурулармен көп ауырады. Соңғы кезде осындай аурулар елімізде, қаламызда көбейіп барады. Сол үшін қандай жағдай болса да аурудың алдын алып, денсаулықты күткен абзал.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Жыл басынан бері миллионнан астам азамат міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында қымбат тұратын зерттеулерді, атап айтқанда, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография қызметтерін тегін алды.

## МИЛЛИОННАН АСТАМ АДАМ ТЕГІН ТЕКСЕРІЛДІ

Бұл диагностикалық әдістер ауруды ерте кезеңде анықтауға, ағза мен тіндердің жағдайын бағалауға көмектеседі. Осы қызмет түрін алған 500 мың науқастың 45 мыңы қатерлі ісік ауруларына күдікпен зерттелген. Медициналық көрсеткіштер мен сақтандыру

мәртебесіне сәйкес, аталған диагностикалық әдістер науқастарға тегін. МӘМС жүйесі қазақстандықтарға қымбат медициналық қызметтерге қолжетімділікті арттырып, пациенттердің қаржылық жүгін жеңілдетуге және сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік беріп келеді.



## ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҮСТЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

Туберкулез, қатерлі ісік секілді қауіпті ауруларды ерте анықтап, диагноз қойған дәрігерлерге үстемақы беріледі. Мәжіліс жанындағы қоғамдық палатаның көшпелі отырысында медицина саласына келесі жылдан бастап енгізілетін өзгерістер жайлы айтылды.

Енді медициналық сақтандыру қоры қазақстандықтарға сақтандырудың тоқтатылғаны туралы алдын ала ескертеді. Тағы бір өзгеріс – медициналық ұйымдар қыз-

мет көрсету сапасына қарай «жасыл», «сары» және «қызыл» аймаққа бөлінеді. Рейтингі төмен мекемелерге арнайы мониторинг жүргізіліп, тиісті шара қабылданады.



## КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ ҰЛҒАЙДЫ

Қазақстанда консультативті-диагностикалық қызмет көлемі 8,8 пайызға артты. Биыл 2 миллионға жуық диспансерлік есепте тұратын науқас поликлиника мамандарымен динамикалық бақылауға алынған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 12,7 пайызға көп.

Бұл деректер амбулаторлық деңгейде медициналық көмекке қолжетімділіктің жақсарғанын көрсетеді. Тұрақты диспансеризация созылмалы аурулары бар

науқастарда асқынудың алдын алуға және әр науқастың ерекшелігін ескере отырып, емдеудің жеке тактикасын таңдап алуға мүмкіндік береді.

Дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ







## ТҰРМЫСТЫҚ ҚОҚЫС НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

«Астана қаласының өзінен бір күнде полигонға 1300 тоннаға жуық әртүрлі қоқыс шығарылады. Ал үш жыл бұрын, яғни 2021 жылы бұл көрсеткіш тәулігіне 800 тонна ғана болатын. Мұндағы басты себеп Астанадағы тұрғындардың көбеюі және бас қаланың тұрақты дамуы десек қателеспейміз. Бізде қала бойынша қатты тұрмыстық қалдық қабылдайтын, экологиялық талаптарға, санитарлық ережелер мен құрылыс нормаларына сәйкес келетін бір ғана полигон бар. Аумағы 70 гектар болатын полигонға тиесілі №1 ұяшықтың ауданы – 12 гектар. 2006-2018 жылдары жұмыс істеп, шамамен 4 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық жиылған. Бүгінде аталған полигон ұяшығында қоқыс қабылданбайды. Ал №2 ұяшық деп саналатын аумақтың 97 пайызы қоқысқа толған. Оның сыйымдылығы – 2 млн тонна. Аталған аумақ 2018 жылы жұмысын бастағалы мұнда 1,9 млн тоннадан астам әртүрлі тұрмыстық қалдық қабылданды. Полигон 2032 жылға дейін «Астана экополигон» ЖШС-тің сенімгерлік басқаруына берілген» дейді басқарманың су объектілерін және қалдықтарды басқару бөлімінің басшысы Айдар Рашид.

Бөлім басшысының айтуынша, қазір полигонның №3 ұяшық құрылысын жобалау жұмысы басталып кеткенге ұқсайды. Сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдейтін және өңдеуге жатпайтын қоқысты жоюмен айналысатын экопарк құрылысын салу жобасы да бар.

### ТАРИФ ӨСЕ МЕ?

Басқарма берген мәліметке сүйенсек, қолданыстағы қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару тарифі 2020 жылы (2019 жылғы 25 желтоқсандағы Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының №476/60-VI шешімімен) бекітілген және әр адамға 390 теңгені құрайды.

Ал жақында ғана Астана қалалық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов қалада қоқыс қалдықтары көбейгенмен, тарифтің 2012 жылдан бері өспегенін айтқан еді. Ол елордалықтардың 80 пайызға жуығы көпқабатты тұрғын үйлерде тұратынын айтып, тұрмыстық қалдықтардың көбейгенін алға тартты.

«Бүгінгі таңда қоқыс шығару тарифі көпкәтерлі үйде тұратын бір адамға айына 390 теңге болса, бір күндік ақысы 13 теңгеден айналады. Алматыда айына

Бізге белгілі болғандай, елордадағы халық санының өсімі қоқыс көлемінің артуына әкеліп соққандай. Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының мәліметінше, осы жылдың желтоқсан айына дейін бас қалада 390 мың тонна қоқыс шығарылған.

718,50 теңге, Қарағанды және басқа қалаларда да 500 теңгеден кем емес. Сондықтан тарифті де, соған орай қызмет ақысын да көбейткен дұрыс» дейді Д.Досқұлов.

Басқарма басшысы абаттандырылған секторда тұратын жеке тұлғалар үшін – айына 1003 теңгеге дейін, абаттандырылмаған үйлердің тұрғындары үшін – 1067 теңгеге дейін, заңды тұлғалар үшін 3990 теңгеге дейін қоқыс шығару тарифін көтеру жобасын ұсынған. Бұл ретте жекелеген азаматтар үшін жеңілдіктер жоқ емес. Мысалы, бұл жеңілдіктер бұрынғысынша қалмай, кейбір бөліктері қайта қаралған. Тарифті көтерудің жаңа редакциясында көпбалалы аналардың балаларына, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, бала кезінен мүгедектерге және жетім балаларға 50 пайыз жеңілдік беру қосымша көрсетілгені. Бірақ Қоғамдық кеңес мүшелері бағаның күрт өсуіне қарсы. Олар коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару тарифін кезек-кезеңмен өсіруді, сонымен қатар, дауыс беру арқылы қоқыс шығару

тарифін әзірге 30 пайызға көтеру туралы ұсыныс білдірген. Әзірге тарифті қайта есептеу жұмысы әлі талқыда тұр десек болады.

Қосымша айта кетейік, жауаптылар тұрмыстық қалдықтардың бір тұрғынға шаққандағы нормасын қайта есептеген. Бұрын әрбір адамға нормалық көрсеткіш 2,16 текше метр болса, қазіргі уақытта бұл 3,13 текше метрді құрайды. Сондай-ақ осы жылы қоқыс шығарудың шарттары қайта қаралған. Бәсекелестікті арттыру мақсатында бірнеше компания жұмысқа қатар тартылып, бұл өз кезегінде қоқысты жинау, тасымалдауды жақсартуға үлкен көмегін тигізіп отыр. Екіншіден, қоқыс шығаратын әр компания қажет техникасын алуға өз инвестицияларын салған. Бұған дейін Астанада бар болғаны 50 арнайы көлік жұмыс істесе, қазір мұның саны 100-ге жеткен. Бұған қосымша қаладағы әр ауданға жауапты қоқыс тазалаушы компаниялар техникалық паркін жаңартып қана қоймай, өз аумағында қажеттілікке қарай қоқыс контейнерлерін орнатып келеді.

**АСТАНА ҚАЛАСЫНДА БІР КҮНДЕ ПОЛИГОНҒА 1300 ТОННАҒА ЖУЫҚ ӘРТҮРЛІ ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛАДЫ. АЛ ҮШ ЖЫЛ БҰРЫН, ЯҒНИ 2021 ЖЫЛЫ БҰЛ КӨРСЕТКІШ ТӘУЛІГІНЕ 800 ТОННА БОЛАТЫН**



### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ КЕРЕК

Расмымен, әр өңірдегі полигонның сыйымдылығын ескерсек, қалдықтарды қайта өңдеу технологиясының қаншалықты маңызды екенін байқаймыз. Бір ғана мысал, Астанадағы жалпы тұрмыстық қалдықтардың негізгі көзі, тұрғындар тарапынан бөлек, құрылыс нысандары мен өзге кәсіпорындардан шығады. Ал сарапшылар елде қоқыс көбейсе, қалдықтарды қайта кәдеге жарату, оны өңдеу тәсілдері технологиясын жандандыруды күшейту қажеттігін айтады.

«Бір ғана нәрсе белгілі, қалдықтарды полигонда сақтау біздің мәселені түбегейлі шешпейді. Мемлекет қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізе ғана қазіргі қоқыс полигондарына түскен жүктемені барынша азайта аламыз. Шетелдік тәжірибелерді енгізу арқылы Астана ғана емес, ел бойынша экологиялық ахуалды жақсартар едік. Екіншіден, тұрғындар арасында әртүрлі қалдықтарды үйден шығарарда саналы түрде бөлек-бөлек сұрыптау мәдениетін енгізіп, өзіміз де жауапкершілікті сезінуіміз қажет. Мысалы, Германия азаматтары пластик қалдықтарды бөлек, шыны ыдыстарды бөлек арнайы ыдысқа салып, белгіленген орынға ретімен тастайды. Әрі осы үрдіс бұзылмау үшін онда қоқыс қызметін қадағалайтын арнайы полиция қызметі де бар. Жалпы республикада экологиялық сауаттылықты насихаттауға бағытталған шараларды көптеп енгізген дұрыс» дейді эколог Әділ-Қасым Жарыққасынұлы.

Биылғы наурыз айындағы Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов көп өңірлерде әлі күнге дейін коммуналдық қалдықтарды жинауға, оларды сұрыптап, қайта өңдеуге жеткілікті көңіл бөлінбей тұрғанын айтты. Рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері көбейген әрі оны жою мәселесі дер кезінде шешілмейтіні тағы бар. Үкімет басшысы мұндай өрескел кемшіліктер елді мекендердің көркін бұзумен бірге, ешқандай санитариялық, экологиялық нормаларға сай келмейтінін, сондай-ақ қалдық қабылдауға қатысты кәсіпорындардың көпшілігі қайталама шикізатты жинаумен, оны буып-түйіп, шетелге сатумен ғана айналысатынын сынаған еді. Жалпы қатты қалдықтарды қажетке жарату жұмысының алға жылжуын уақыт көрсетеді. Қоқыс өңдеуге құйылған мол қаржы өз межесіне жетсе, оның шығарудан бөлек, экологиялық жағдайдың да біршама түзелері анық.

Ержан ҚОЖАС,  
журналист

## ТАЗАЛЫҚ БАЛАЛЫҚТАН СЕРІК БОЛСА...

Бүгінгі таңда экологиялық мәселелер өзектілігін жоғалтқан жоқ. Табиғат ресурстарының сарқылуы, климаттың өзгеруі, ауа мен судың ластануы – бұл мәселелер біздің қоршаған ортамызға ғана емес, сондай-ақ болашақ ұрпаққа да тікелей әсер етеді.

Ғалымдар соңғы жылдары жер шарының шамадан тыс ластануына алаңдап, дабыл қағуда. Алайда бұл ескертулерге назар аударып, әрекет етушілер саны өте аз. Осылай жалғаса берсе, қоршаған орта жойылып, планетамыз қоқыс полигонына айналып кетуі әбден мүмкін. Бұл мәселенің шешімі біздің іс-әрекетімізге байланысты: қоқыстарды тиісті орындарға тастау, оларды сұрыптап, қайта өңдеуге жағдай жасау аса маңызды.

Осы орайда елордада өскелең ұрпақты табиғатты қорғауға баулу және оқушылардың экология туралы танымын кеңейту мақсатында түрлі қалалық және республикалық деңгейдегі акциялар мен байқаулар ұйымдастырылуда. Соның бірі – «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында өткен «Қоқыс жердің көркі емес» атты экологиялық ләпбук жобалары байқауы. Бұл байқау 10 желтоқсан күні Астана қаласы Білім басқармасының қолдауымен, Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығының жұмыс жоспарына сәйкес, №61 мектептің базасында өтті. Байқаудың тәрбиелік мәні зор болғанын атап өткен жөн. Оның басты мақсаты – қоқыстарды тиісті орындарға сұрыптап салудың маңызын түсіндіру және оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру.

Әр оқушы байқауда өз қиялына сүйеніп, ерекше жұмыстар ұсынды. Жұмыстардың жалпы мақсаты бір – экологиялық білім мен



мәдениетті дамыту. Осы байқауға Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі де қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Мектептің Eсoteam еріктілер тобының белсенді мүшесі, қалалық және республикалық экологиялық жобалардың жеңімпазы Аружан Шаяхмет өзінің шығармашылық жұмысын ұсынды.

Аружан экологиялық білімді бастауыш сыныптан бастаған жөн деп санайды, өйткені білімнің іргетасы бастауышта қаланады. Осы орайда ол бастауыш сынып оқушыларына арналған қоқыстарды сұрыптау және қайта өңдеудің маңызы туралы макет жасап, ләпбук жобасын ұсынды. Бүгінде оқушылардың кітап немесе газет оқуға қызығушылығы төмен екенін ескеріп, ләпбук арқылы ақпаратты ойын түрінде жеткізу тиімді болды. Бұл жоба оқушылардың қызығушылығын оятып, оң әсер берді.

Байқауға барлығы 87 өтінім түсіп, жұмыстар әділ сарапқа салынды. Нәтижесінде Аружанның жобасы үздік деп танылып, жүлделі I орынды иеленді. Жетекшісі Қайрат Сиражиденұлының айтуынша, Аружан экологиялық жобаларға 7-сыныптан бастап белсенді қатысып келеді. Ол қалалық «Табиғатты аяла», «Эко PRO», «Ғылымдағы дебют», «Экостанға саяхат», «Жасыл ел», «Идеялар фестивалі» байқауларында үздік нәтиже көрсеткен.

Сонымен қатар, мектептің Eсoteam және Eсо patrol еріктілер топтары оқушылардың экологиялық мәдениетін көтеру мақсатында түрлі акциялар мен танымдық кездесулер өткізіп келеді.

«Таза болса табиғат, аман болар адамзат» демекші, қоршаған орта мен ғажайып табиғат – өзіміз үшін баға жетпес байлық. Әр адам табиғатты қорғауды өзінен бастаса, қоршаған ортамыз гүлденіп, бізге мәңгілік шуағын төгеді.

Әсемай РИНАТҚЫЗЫ





## АЙТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ АЙТҰЛЫ ТУРНИР

Елордада Қаныш Сәтбаев атындағы халықаралық қордың ұйытқы болуымен бильярдтан ақын Несіпбек Айтұлын еске алуға арналған республикалық турнир өтті. Бильярд турнирінің ашылуына қатысқан Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарысқа танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, Жазушылар одағының мүшелері мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Іс-шараға бастамашы болған сенатор, Қаныш Сәтбаев атындағы халықаралық қордың қамқоршылық кеңесінің төрағасы Алтынбек Нухұлы аталған жарыстың мән-маңызына тоқталып, турнир академиктің ғана емес, ақынның да мол мұрасын көпшілікке насихаттау мақсатында өтіп жатқанын жеткізді.

«Қазақтың заңғар ғалымы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығы аясында ақын Несіпбек Айтұлын еске алу кешін ұйымдастырып жатырмыз. Ағаларымыз, қаншама белгілі тұлғалар Несіпбек Айтұлы туралы керемет сөздер толқыны арнады. Бұл бильярд турнирі Несіпбек Айтұлының еске алып, оның қазақ еліне қалдырған мол мұрасын Қанышпен бірге келістіріп, өткізіп жатқанымызды мәртебе деп санаймыз. Сәтбаев атындағы халық-



аралық қордың жасап жатқан істері – Қаныш атамды насихаттау ғана емес, сонымен қатар академикті насихаттаған, «Қаныш» поэмасының авторы Несіпбек Айтұлын да еске алып, ол кісінің еңбектері, қалдырған мұраларын көпшілікке таныту» деді Алтынбек Нухұлы.

Сайыс қорытындысына келсек, бильярд турнирінің жеңімпазы болған «Егемен Қазақстан» газетінің фототілшісі, Сәтбаев қаласының тұрғыны Ерлан Омаров «Несіпбек Айтұлы» атындағы сыйлықты алып, бірінші орынды иеленсе, екінші орынды Несіпбек

Айтұлының ұстазы, «Мұқағали Мақатаев» атындағы сыйлықты Сенат депутаты Амангелді Толамисов қанжығасына байлады. Үшінші жүлделі орын Несіпбек Айтұлының тағы бір ұстазы, «Мұзафар Әлімбаев» атындағы сыйлықты Еуразия ұлттық университетінің фотографы Ербол Сейітханұлы жеңіп алды. Бұдан басқа «Қаныш Сәтбаев» атындағы сыйлықты еңбек ардагері Оңдасын Мейірбаев, «Меддеу Сәрсек» атындағы сыйлықты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аяған Сандыбай, «Кәкімбек Салықов» атындағы сыйлықты ардагер журналист Әлімжан Сабыржанұлы, «Нұртас Оңдасынов» атындағы сыйлықты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі актер Нартай Сауданбекұлы иеленді. Сонымен қатар жарыста «Алғашқы шар», «Мерген ойыншы», «Шебер ойыншы», «Мәдениетті ойыншы», «Үздік дуплет» атты номинациялардың иегерлері де анықталып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Турнирдің бас төрешісі ҚР жоғары ұлттық дәрежедегі төрешісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіп Жүнісбайұлы болды.

**ТОРҒЫН АМАН**

Тәуелсіздік мерекесі аясында Астанада конкурдан қалалық чемпионат өтті. Іс-шараның ашылу салтанатына Астана қаласы Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының президенті Ерлан Каналимов, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев және «Арғымақ» ат-сауықтыру кешенінің директоры Аманжол Хасенов қатысты.

## МЕРЕКЕ АЯСЫНДА



**Шапағат ӘБДІР**

Қалалық спорт басқармасының басшысы Самат Сәбитұлы Тәуелсіздік күніне арналған чемпионаттың ашылуымен құттықтап, конкурдан жарыс жыл басынан бері Астанада бесінші рет ұйымдастырылып жатқанын тілге тиек етті.

«Бұл – ата-бабамыздың сан ғасыр бойы аңсаған асқақ арманы мен ақжарма тілегі орындалып, үкілі үміті үстем болып, егемен еліміздің еркін дамуына айқара жол ашқан күн. Сондықтан мереке біз үшін қасиетті де қастерлі. Бір жыл бұрын Республика күнінде қолданысқа берілген кешенде аймақтық, қалалық, республикалық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылуда. Ал биылға конкурдан өтіп жатқан бұл бесінші жарыс» деді басқарма басшысы.

Жалпы баскедеде бағы мен бабы келіскен 100-ге жуық

шабандоз жарыс барысында әртүрлі биіктіктегі 6 бағыт бойынша жүлдені сарапқа салды. Осылайша, Астана қаласынан бөлек, Алматы қаласы, Алматы және Қарағанды облыстарынан спортшылар қатысқан жарыстың нәтижесі бойынша (80 см): Виктория Котина – «Лайла» атты жылқымен, «Балалар» санаты бойынша (100 см): Амира Қабжанова – «Шах» атты жылқымен, «Ашық класс» санаты бойынша (100 см, екі фазалық): Алишер Манар – «Гордый» атты жылқымен, «Ашық класс» Санаты бойынша (110 см): Олег Соколенко – «Клю Голд» атты жылқымен, «Ашық класс» санаты бойынша (120 см): Ранса Соколенко – «Балдинис Бой» атты жылқымен, «Ашық класс» санаты бойынша (130 см): Дайана Онаева – «Синдерелла» атты жылқымен жеңімпаз атанды. Жарыстың жалпы жүлде қоры – 12 миллион теңге.

## ТҰҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗДІК

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №6 көпшілік кітапханасында «Тұғыры биік тәуелсіздік» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Аталмыш кітапхана оқырманы Бейісхан ақсақал қазақтың тәуелсіздік жолында көрген қиындықтар, соның ішінде қуғын-сүргін, ашаршылық туралы айтты. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде 9-орында тұрғанын айта келе, оны ата-бабаларымыздың мықтылығының арқасында сақтап қалғанымызды атап өтті. Жас ұрпақты тәу етер тәуелсіздікті қастер-

леуге шақырып, домбырамен ән шырқады.

Ұлағатты ұстаз, музыка маманы Жарқыбек Сәулбек – Қытайдан елімізге оралған қандасмыз. Ол өткен ғасырдың 30-жылдардағы қуғын-сүргін кезінде атасы Семейдің Үржар жерінен шекара асқанын айтып, Қазақстан тәуелсіздік алғанда шексіз қуанғанын, сол хабарды ести сала тарихи отанына оралуға асыққанын, жан жүрегімен елге қызмет етіп жатқанын, соның ішінде өскелең ұрпаққа му-

зыкалық білім беріп жатқанын жеткізді. Баянмен және домбырамен ән әулетті.

Жиын барысында кеңес заманында қаншама қазақ мектебі жабылғаны, тәуелсіздіктің арқасында қайта ашылғаны, жалпы ана тіліміздегі мектептердің ұрпақ тәрбиесіндегі мән-маңызы жайында айтылды. Ақындар Толқын Қабылша мен Жұлдызай Ысқақ тәуелсіздік туралы пікірін айта келе, өлеңдерін оқыды.

Астана қаласы №93 мектеп-лицейінің бастауыш және

жоғары сынып оқушылары ұлттық рухты асқақтатқан күй күмбірлетіп, жүрек тебіренетер патриоттық жырларды оқыды. №6 көпшілік кітапхананың кітапханашысы Рабига Сайлаубекова тәуелсіздіктің құрдасы екенін жеткізіп, оған арнаған өлеңін оқып берді.

Дөңгелек үстел отырысын түйіндеген Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева жиналғандарды Тәуелсіздік күнімен құттықтап, рақмет айтып, белсенді қатысқан оқушыларға алғыс хат тапсырды.

## АСТАНАНЫҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ ӨТТІ

Эстония және Финляндия елдерінде Қазақстан Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай Астана қаласының мәдени күндері өтті. Таллин және Хельсинки қалаларында ұйымдастырылған концерттерге Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымдары мен солистері, Франциядан жерлестерін қолдауға арнайы келген әйгілі скрипкашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Марат Бисенғалиев қатысты.

Концерттік бағдарлама «Ұлы дала дауысы» атауын иеленді. Қазақстандық әртістер Эстония Музыка және театр академиясының концерт залында өнер көрсетті. Концертті Марат Бисенғалиев ашып, британ композиторы, романтикалық бағыттағы музыка өкілі Эдвард Элгар мен қазақтың классик композиторы Мұқан Төлебаевтың шығармаларын орындады. «Қорқыт» этно-ансамблі Дәу-

леткерейдің «Көрұғлы» күйі мен ансамбльдің көркемдік жетекшісі Шолпан Қорғанбектің «Аманат», «Көк түріктер» атты авторлық шығармаларын төкпелетті.

Кештің сәнін астаналық филармонияның солистері келтірді. Атап айтқанда, халықаралық байқаулардың лауреаты Әнел Смаилова «Көзіңнің мөлдірін-ай», Нұрайым Ерталапқызы «Беу, айдай» әндерін әуелет-



ті. Ал халықаралық байқаулардың лауреаттары Фируза Рахметова, Нұрсат Алмас, Шахризада Тыныштық және Алтынбек Арыстанбектің орындауындағы опералық шығармалар көрермендердің ерекше ықыласына бөленді.

Хельсинкидің «Musikkitalo» концерт залында ұйымдастырылған концертте опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сүндет Байғожин Абайдың «Айттым сәлем, қаламқас» әнімен

жиналғандарды тербетті. Әншіні ролямен белгілі композитор Ринат Ғайсин сүйемелдеді. Қазақтың әндері мен күйлерімен қатар өзге тілдегі туындылар да орындалды. Соның ішінде «Қорқыт» этно-ансамблі әйгілі фин әуені «Levan

Polkka» шығармасымен жиналғандарды тәнті етті.

Бұл концерттер Астана қаласы Мәслихаты депутаттарының Эстония және Финляндияға ресми сапарына сәйкес келді.

«Музыка тілі – ұлтына қарамастан бәріне түсінікті тіл. Ал мәдени көпір – елдер арасындағы ең берік байланыс орнатудың жолы. Финляндия астанасы Хельсинкиде өткен Астана қаласының мәдени күндері өнердің халықтарды жақындастыра алатынының жарқын үлгісіне айналды. «The Voice of the Great Steppe» концерт бағдарламасы достықты бейнелеп, Қазақстан мен Финляндия арасындағы мәдени байланысты нығайтудағы маңызды қадамдардың бірі болды» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 10 200

Тапсырыс №151

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

📞 Кабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

✉️ aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ